

Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті

Тәртіптің сыртқы бейнесін сипаттайтын ережелер тарихы”

Дайындаған: Тулеуова Н.А,
Тексерген: Исмагулова Ж.С.

Орал- 2016

КІРІСПЕ

1. Тәртіп – адамдардың тіршілік қарекеті саласындағы реттілік

1.1. Әлеуметтік жұмыс мамандығы кәсіптік қызметтің жиі кездесетін түріне жатады

1.2. Тәртіп – қоғамда, ұжымда, ұйымда қабылданған жарлық талаптары

2. Этикеттің ережелеріне сүйену үшін, оның принциптеріне жүгіну керек

2.1. Әлеуметтік жұмыс мамандығының тәртіп этикеті мен мәдениетін білудегі маңыздылық

2.2. Қазіргі заман жағдайында «әлеуметтік педагог» мамандығының енгізілуінің әлеуметтік-тарихи контексті

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



КІРІСПЕ

Тәртіптің сыртқы бейнесін сипаттайтын ережелерді саналы түрде құрастыруды кейбір зерттеушілер антика дәуіріне жатқызады, себебі бұл кезеңде адамдарды сымбатты тәртіпке, қылықтарға үйрету әрекеттері байқалады. Осы кезеңде күнделікті өмірдегі тәртіптің, сонымен қатар нақты жағдайдағы әрекет-қылықтар адамды оның ең жақсы қасиеттерінің көрінуіне бағыттаған, таңдай еркіндігін қалдыра отырып, осы қызметтің жалпы бағыт-бағдарын берді.

Адам өмірі – көп салалы, әрі көп қырлы. Осыған орай әркімнің өмірін жеңілдету, реніші мен қайғысын тең бөлісу үшін тәрбиелі, саналы, адамгершілікті адамның сол қайғы-мұңға ортақтаса білуі адамның жоғарғы сапасы. Себебі адамның тәртібі: жастардың үлкендерге сәлем беруі, жол беруі, құрдастарды, достарды құттықтауы, көршінің жақсы қылығын **мадақтауы**, т.б. секілді кәдімгі қарым-қатынастардан тұрады. И.Гете: «Ең алдымен өзінді-өзің үйрет, сонда сен басқалардан үйренесің» - дейді.

Адам тәртібінің екі түрі болады: сөздік және нақтылы. Сөздік тәртіп – өз ойымызды білдіруіміз, пікіріміз, дәлеліміз. Біздер, кейде ашу үстіндегі шаршаған кезде немесе жиналған халық арасында, жұмыстағы өз сөзімізге онша мән бермейміз. Ал әрбір сөздің мазмұны іс-әрекетіміз бен қимылымыздан бірден-бір кем емес. Швейцар жазушысы Лафатер: «Ақылды болғың келсе, орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа ештеңе жоқ кезде сөйлеуді үйрен» - деген. Атақты жазушы Ілияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады» деген екен. Сондықтан орнықты әңгімелесу, сөйлесе білу, сөз арқылы пікірді, ойды жеткізу – адам мәдениетінің бір саласы. Жақсы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар, ол – тыңдай білу. Тыңдауда – алдарыңызға жан салмайтын біртоға адам болсаңыз, ал сөйлесу қажет болғанда – сөздің соңын күтуге тырысу.

1. Тәртіп – адамдардың тіршілік қарекеті саласындағы реттілік

Тәртіп (*лат.* disciplina) – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалық сипаты; адам мінез-құлқының қоғамда қалыптасқан **құқық**, **мораль** нормаларына не әлдебір ұйымның жарғылық талаптарына сәйкестігі. Тәртіп тұлғаның ұстамдылығын, іштей ұйымдасқандығын, жауапкершілігін, өз мақсаттарына бағыну мен қоғамдық нұсқауларға (заңдар, әлеуметтік нормалар, қағидалар) бағынуға әзірлігі мен дағдысын қамтиды. Қоғамдық тәртіп адамдардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына үйлесімді сипат береді, ұжымдық іс-әрекеттің өнімділігін, әлеуметтік инабаттардың қалыпты қызмет атқаруының, тұлғааралық қатынастың дұрыс болуының алғышарты болып табылады.

Тәртіп - **қоғамда** қалыптасқан құқық, мораль нормаларына немесе қандай да болсын ұйымның жарлық талаптарына адамдардың **мінез-құлығының** сәйкестігін бейнелейтін қандай да болсын қауымдастықта, адамдардың тіршілік әрекеті **сферасында** реттіліктің ұйымшылдықтың сапалық сипаттамасы. Оқушылардың тәртібі - оқу орынында белгіленген тәртіпті қатаң және дәл сақтау, өз міндеттерін, **мүғалімдер** мен оқушылар ұжымының талаптарын мүлтіксіз орындау, өз борышына саналы қарау.

1.1.Әлеуметтік жұмыс мамандығы кәсіптік қызметтің жиі кездесетін түріне жатады

Әлеуметтік жауапкершілік сұрақтары әлеуметтік қызметкердің клиенттермен тәжірибелік жұмысында ладынан шығады. Клиентпен немесе әлеуметтік ортада қандай да болсын өзгерімтер болатын болса, бұл жағдайда өзгеріске ұшырайды, онда соған сәйкес этикалық бағасы да өзгереді. Осыған байланысты этикалық бағалаудың іске асырылуы әртүрлі деңгейде жүргізіледі – жеке клиент деңгейінен барлық қоғам деңгейіне дейін. Қызметті бағалауға байланысты моральдылық критерий сұрақтарын қою өте жөн. Моральдылық критерийлері арқылы бұл бағалаулар жүргізіледі.

Әлеуметтік жұмыс мамандығы кәсіптік қызметтің жиі кездесетін түріне жатады. Мұндай кәсіптік қызметтерде жұмыстың эффективтілігі мен сәтті өткізілуін қамтамасыз ететін маманның жеке қасиеттері кәсіптік білімдер мен қабілеттерінен қарағанда бірінші орынға қойылады. Сол себептен әлеуметтік жұмыс мамандығын оқыту үрдісінде бұл мамандықтың негізі мен ерекшеліктерін танып білу ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның адамдармен жұмыс істеуде көрсететін рухани адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы да, тұлғалық тәрбиеленуі де қатар жүргізіледі. Сонымен қатар нағыз әлеуметтік қызметкер міндетті түрде өзінде кәсіптік білімдер мен қабілеттер және тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

1.2. Тәртіп – қоғамда, ұжымда, ұйымда қабылданған жарлық талаптары.

Қоғам тұрғысынан баға объективті болуы мүмкін, себебі қоғам әлеуметтік тұрақты емес; барлық азаматтар әлеуметтік жұмыстың институты жайында толық білмейді, оның мүмкіндіктері мен қажеттіліктері туралы ақпараттары аз. Әлеуметтік жұмыстың бағасы әлеуметтік институт ретінде қоғаммен және мемлекетпен ерекшеленеді. Мемлекет әлеуметтік жұмыстың институтын қалыптастыра отырып, бұл институттың потенциалынан шығады, қоғам үшін қызығушылық келтіретін потенциал емес, оның соңғы нәтижесі көп қызықтырады, себебі қоғам оптималды болып табылатын әлеуметтік жұмыс институтының қызметінің шарттарымен толық таныс емес. Әлеуметтік жұмыстың құралдары әлсіз қаржыландырудың әсерімен юайланысты екені анық. Бірақ бұл әлеуметтік қызметкер материалдық жағдайы жоғары адамдардың қаражтын аз қамтылған клиенттерге көмек беру арқылы аудару емес, немесе әділетсіз әрекеттер жасап алдау емес. Егер қылмыстық кодекс жүйесінде әрекет етсе, мұндай әлеуметтік қызметкер жауапқа тартылмайды, оның міндеті барлық әлеуметтік жұмыс институтына таңылатын қоғамдық санада негативті баға беру болып табылады. Сондықтан әлеуметтік қызметкер үшін заң жүзіндегі, қоғам қабылдаған, жоғары моральды құндылықтары бар құралдар мен тәсілдерді таңдау керек.

2.1. Әлеуметтік жұмыс мамандығының тәртіп этикеті мен мәдениетін білудегі маңыздылық

Барлық қылық-әрекеттерді, тәртіпті, ұстау мәнерлерін этикеттің ережелеріне байланыстыру үшін, оның принциптеріне жүгіну керек. Ол принциптер қарым-қатынас мәдениетінде көрінетін моральды талаптарды ұсынады. Л.С. Лихачев әлеуметтік қызметкер этикетінің 4 типін бөліп көрсетеді:

- гуманизм принципі әлеуметтік қызметкерден адамға деген құрметтен, оның тұлғалық ерекшеліктерін қабылдаудан, оған игілікті, жағымды қарым-қатынастардан көрінеді. Бұл принцип әлеуметтік қызметкерден мейірімділік, тактикалық, сыпайылық, шапшаңдық, байқампаздық, және нақтылық сияқты қабілеттерді талап етеді. Қарым-қатынастағы мейірімділік адамдарды құрметтеуден, оларға жақсылық жасау белгілерімен қызмет етеді.
- мейірімділік – бұл адамға қызмет ету жолының бірінші қадамы. Оған клиентке назар аудару, адамды түсіну, қажет болған жағдайда оған көмек беру формалары кіреді. Әлеуметтік қызметкер үшін мейірімділік – клиентпен, оның жақындарымен, серіктестермен, әр түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарымен ортақтасудың қажетті аспектісі, себебі мамандықтың мәні – көмекті қажет етіп тұрғандарға, адами құндылықтарды төмендетпей, әрқашан көмек беруге дайын тұру.
- Тактикалық қабілет адамдармен қарым-қатынаста белгілі бір шекті сақтау, адамдардың «өкпелі» шегін анықтау. Тактикалық қызметтің астарынан адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыруы мүмкін деген сұрақтар қоймау принципі жатыр. Ал егер де бұл ақпарат қажет болып жатса, әлеуметтік қызметкер сол сұрақты клиентке нұқсан келтірмейтіндей етіп қоюы керек. Тактикалық принцип әлеуметтік қызметкерден адамға ескерту жасауды талап етеді – оның формасы нақты, түсінікті болуы керек. Ескертуді арониялық түрде, қатты дауыспен, бұйрықпен, бөтен адамдардың қатысуында жасауға болмайды. Тактикалық қабілеттің жетіспеушілігі клиентті ыңғайсыз жағдайға қояды, оның жан дүниесіне нұқсан келтіреді. Әлеуметтік қызметкердің тактикалық қабілеті клиентпен сенімді қатынас орнатуды талап етеді.
- Сыпайылық өзінің бағасын айналасындағылардың пікірімен байланыстыру, және еш уақытта өзінің беделін көтермеу, басқаларға талап қою және өзіне жоғары талап қоя білу, ұстамдылық болып табылады. Әлеуметтік қызметкердің сыпайылығы оның клиентпен, ұжыммен қарым-қатынаста көрінеді. Әсіресе клиентпен қарым-қатынаста сыпайылық маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік қызметкер еш уақытта өзін клиенттен жоғары ұстамау керек, өзінің қызметтік жағдайының жоғары тұрғандығын көрсетпеу керек, клиентке өзінің пікірін айта беру этикаға жатпайды, және клиенттің қызығушылықтарын балағатпау керек.

2.2.Қазіргі заман жағдайында «әлеуметтік педагог» мамандығының енгізілуінің әлеуметтік-тарихи контексті

Балалар, жасөспірімдер, олардың тәрбиешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагогтан көмек сұрайды. Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынанан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністікті, тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбек және іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету-әлеуметтік педагогтың басты міндеті. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау – әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы. Соңғы он жылдағы болып жатқан өзгерістер рухани – өнегелілік бағдарлауды, тұспалдауды, мұрат етуде көптеген қоғамдық сананың барлық формасының мазмұнына өзгертулер енгізді:

№	Егемендікке дейінгі Қазақстан	Егеменді Қазақстан
1.	Жоспарлы экономика	Нарықтық экономика
2.	Тоталитарлық жүйе	Демократиялық жүйе
3.	Тоталитарлық жүйе	Жеке меншік
4.	Әлеуметтік жіктелу әлсіз	Әлеуметтік жіктелу терең
5.	Оқушы-ұжым мүшесі	Оқушы-жеке тұлға

ҚОРЫТЫНДЫ

Адам қоғамның мүшесі, соның ішінде өмір сүреді, одан тыс қала алмайды. Жеке адам қашан да әлсіз. Адамды табиғат жаратқанмен, оны өсіріп, тәрбиелейтін – қоғам. Неміс ақыны И.Бехер: «Адамдар – тек адамдар арасында ғана адам бола алады» - деген. Адам өмірі қатынастар мен өзара қатынастардан тұрады. Тамақ ішу, киіну, уй болу қаншалықты табиғи қажеттілік болса, басқалармен қарым-қатынас та солай болуы керек. Қарым-қатынастың да өзіндік мәдениеті болады, ол- қарым-қатынасқа қойылатын талап, жалпы азаматтық мәдениетке сәйкестігі. Адам белгілі бір ролді атқармай, адамдармен арадағы қарым-қатынасты іске асыра алмайды. Кәсіби, әлеуметтік, жеке адамдар арасындағы рол біздің қандай ортада екенімізді анықтайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату бедел мен адамгершілікті ажарландыра түседі.

Әдептілік, сыпайыгершілік – моральдық сапа, адамдарға деген құрмет, ал осы сапаны күнделікті тәртіпке айналдыру – адамдар тәртібінің сипаты. Әдептілік, сыпайыгершілік дегеніміз, жалпы алғанда ілтипаттылық, барлық адамдарға тән қайырымдылық қасиеттің сыртқы көрінісі. Ж.Ж. Руссо: «Шынайы сыпайыгершілік адамдарға тілектестікпен қараудан тұрады», - деп жазған. Адамның сыпайыгершілік қасиеті мен әдептілігі күнделікті өмірдің әрқилы сәттерінде өзін-өзі дұрыс ұстауы арқылы байқалады, бағаланады. Әдепті, кішіпейіл болу үшін әрқилы талаптарды да жете білген жөн.



Пайдаланылган әдебиеттер

- 1) Федеренко Е.Н. Профессиональная этика. –Киев1983
- 2) Фраим Э. Психоанализ и Этика. –М., 1993.215б.
- 3) Куликова Н.Н. Содержание и критерий нравственного прогресса. (Опыт философско – этического исследования проблемы) – М., 1967 – 326б
- 4) Склярова Т.В. теория и технология. Учебное пособие в 2-х частях. Ч. –Саратов -.Этические ценности социальной работы // Социальная работа: методология,
- 5) Смирнова Е.Р. Нравственно – профессионально принципы социальной работы// теория и практика социальной работы.- Саратов.-1995

Назарларынызга рахмет